

З.А. Мәдениетова^{1*} , А.М. Утешкалиева¹ 

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: zulfiya3131@mail.ru

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ - БІЛІМ БЕРУ ОРНЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Андатпа

Мақалада білім беру орнын басқару жүйесінің бір бөлігі ретіндегі мектепшілік бақылау туралы түсінік беру көзделген. Кез келген мектептің педагогикалық қызметі жинақталған жұмыс тәжірибесін түсінумен, жаңа идеяларды іздеумен, оқу-тәрбие қызметін ұйымдастырудағы педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жетуімен, педагогикалық, ата-аналық, басқарушылық ортада пайда болуымен және таралуымен, өскелең ұрпақтың өмірінде білім басымдыққа айналған кезде білім құндылықтарын жаңаша түсінумен сипатталады. Ал әрбір мектепте мұндай дамудың нақты бір тұтқасы – мектепшілік бақылау аппараты. Мектепшілік бақылау оқу үдерісіне барлық қатысушылардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын білуге негізделген уәжді және ынталандырушы болуы керек. Бір жағынан, оның нәтижесі белгілі бір топ ішіндегі және олардың арасындағы қарым-қатынастардың сапалы жақсаруы, екінші жағынан, мұғалімдер мен оқушылардың кәсіби өсу дәрежесі мен жетістіктерінің болуына септігін тигізеді.

Мақала мақсаты - мектепшілік бақылауды білім беру орнын басқару жүйесінің бөлігі ретінде жан-жақты қарастыру. Зерттеу барысында контекстік-түсіндірмелі, салыстырмалы, концептуалды талдау, сипаттау, оның ішінде бақылау, салыстыру, жалпылау сынды методологиялық әдістер қолданылды. Жүргізілген зерттеулердің негізінде автор тарапынан білім беру саласындағы мектепшілік бақылау ұғымының мәні ашылды, қазіргі отандық және шетелдік ғылыми білім парадигмасындағы «мектепшілік бақылаудың» типтік сипаттамалары анықталды, педагогикалық аспектідегі мектепшілік бақылаудың маңызды белгілері қарастырылды, мектепшілік бақылаудың білім беру орнын басқару жүйесі ретіндегі мақсат-міндеттері, формалары мен әдістері, принциптері мен кезеңдері тұжырымдалды.

Негізгі сөздер: Мектепшілік бақылау, мектепшілік бақылау нысандары, түрлері, формалары, әдістері, принциптері.

Кіріспе

XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың басы жалпы білім берудің сапасын арттыратын жаңа концептуалды идеяларды қарқынды іздеу кезеңі. Қазақстан қоғамында болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру саясатының жаңа мақсаттарын іздеуді қажет етеді және оның дамуындағы білімнің рөліне жаңа көзқарасты анықтайды.

Білім интеллектуалдық ресурстарды қалыптастырудың және өндіргіш күштердің сапалық деңгейінің жоғары деңгейін қамтамасыз етудің шешуші факторларының бірі ретінде қарастырылады. Осы себепті білім берудің өзін сапалы ету және білім беру жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру мәселесі әр дәуірде де өзекті болып қала бермек. Білім беру жүйесін басқарудың жаңа үлгілерін іздеу елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістермен (қоғам қажеттіліктеріне бағытталған экономикаға көшу) және әртүрлі әлеуметтік жүйелердегі сапа менеджменті теориясының қарқынды дамуымен байланысты мектепшілік білім беру сапасын басқарудың тиімді технологияларын әзірлеу үлкен мүмкіндіктер береді [1].

Кез келген мектептің педагогикалық қызметі жинақталған жұмыс тәжірибесін түсінумен, жаңа идеяларды іздеумен, оқу-тәрбие қызметін ұйымдастырудағы педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жетуімен, педагогикалық, ата-аналық, басқарушылық ортада пайда болуымен және таралуымен, өскелең ұрпақтың өмірінде

білім басымдыққа айналған кезде білім құндылықтарын жаңаша түсінумен сипатталады. Ал әрбір мектепте мұндай дамудың нақты бір тұтқасы – мектепшілік бақылау аппараты.

Мектепшілік бақылау – талдау және мақсат қою функцияларымен тікелей байланысты маңызды басқару функцияларының бірі: талдаусыз деректер өлі, мақсат болмаған жағдайда басқаратын ештеңе жоқ. Мектепшілік бақылау – білім беру ұйымының қызметін жетілдіру, сонымен қатар жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге), білім алушылар мен педагогтердің сұраныстарына сәйкес оқу-тәрбие процесін зерделеу және талдау негізінде мектептегі білім беру сапасын жақсарту мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу тақырыбы мектепшілік бақылаудың педагогикалық ұжымның білім беру қызметінің сапасын диагностикалық бағалау нәтижелері бойынша мектептің дамуын жобалауға дайындығын болжайтындығымен өзекті. Зерттеу объектісі – мектепшілік бақылау және оның білім беру жүйесіндегі әртүрлі көріністері.

Зерттеу жұмысының мақсаты - мектепшілік бақылауды білім беру орнын басқару жүйесінің бөлігі ретінде жан-жақты қарастыру. Мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделді:

- білім беру саласындағы мектепшілік бақылау ұғымының мәнін ашу;
- қазіргі отандық және шетелдік ғылыми білім парадигмасындағы «мектепшілік бақылаудың» типтік сипаттамаларын анықтау;
- педагогикалық аспектідегі мектепшілік бақылаудың маңызды белгілерін қарастыру;
- мектепшілік бақылаудың білім беру орнын басқару жүйесі ретіндегі мақсат-міндеттерін, формалары мен әдістерін, принциптері мен кезеңдерін айқындау.


Қазіргі мектеп басшысы қандай болуы керек? Бұл сұрақ әдетте жұмысты бастағандар үшін басқа сұрақпен байланысты: «Неден бастау керек?». Практикалық жұмыста мол тәжірибесі бар ғалым-педагог М.П.Портнов басқарудың шеберлігі мен мәдениеті туралы өз ойларымен бөлісіп, мектеп директорының алғашқы кезеңде іс-әрекетін ұйымдастыруға кеңес береді. Сәтті бастама – жоғары кәсібилікке қадам [2].

П.И. Третьяков мектепті жұмыс істеу режимінен дамушы режимге ауыстырудың негізгі басқару әдістерін ашады. Мектепшілік басқару құрылымдарын қалыптастыруға және өзін-өзі басқару принциптерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бүкіл менеджмент жүйесінің демократияландыру мектебіндегі тұлғалық-бағдарлы көзқарасты ескере отырып, олардың табысты жету жолындағы түпкілікті нәтижелерге бағдарлануын байқауға болады [3].

Ю.А.Конаржевский кейбір басқару позицияларын пайдалана отырып, басқарудың теориялық ұстанымдары мен мектепшілік басқарудың байланыс нүктелерін ашады [4].

Т.И. Шамова білім беру жүйелеріне және оларды басқаруға жалпы сипаттама береді; мектепке ерекше көңіл бөледі; оқу-тәрбие процесінің мәнін терең ашады [5].

Бақылау – бұл функцияның қызметі мен рөлін терең түсінуді, оның мақсатты бағдарын түсінуді және әртүрлі технологияларды меңгеруді талап ететін оқу орны басшысының ең күрделі қызметінің бірі (1-сурет).



Сурет 1 – Мектепшілік басқару механизміндегі бақылаудың орны мен рөлі

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Бақылау – мектепшілік басқарудың құрамдас бөлігі, басқару қызметінің басы.

Мектепшілік бақылау күрделі және көпжақты процесс болып табылады және ол кез келген тұтастық сияқты белгілі бір тәртіпке, өзара байланысты бөліктердің ұйымдасуына ие, олардың әрқайсысы белгілі бір функцияларды орындайды.

Мектепшілік бақылау басқару жүйесінің бір бөлігі ғана емес, сонымен бірге жүйенің өзін де білдіреді, сондықтан оны қалыптастыру және ұйымдастыру жүйелік тәсілдің барлық талаптарына бағынуы керек, ең алдымен, нақты құрылымдалған болуы керек. Мектепшілік бақылау құрылымы барлық деңгейдегі бақылауды ұйымдастыруды көрсетеді: сыртқы – мемлекеттік, қоғамдық және ішкі – педагогикалық [6].

Мектепшілік бақылау нысандары:

1. Оқу үрдісі:

- оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру;
- оқушылардың білім деңгейі;
- мұғалімнің өнімділігі;
- оқушылармен жеке жұмыс.

2. Тәрбие үрдісі:

- оқушылардың білім деңгейі;
- сынып жетекшілердің жұмыс сапасы;
- ата-аналардың оқу процесіне қатысуы;
- «қиын» балалармен жұмыс;
- мектепшілік іс-шаралардың сапасы.

3. Әдістемелік жұмыс:

- әрбір мұғалімнің әдістемелік деңгейі;
- педагогикалық тәжірибені тарату;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру.

4. Ғылыми және тәжірибелік жұмыстар:

- инновациялардың ғылыми негізділік дәрежесі;
- оқытушылардың ғылыми дайындық деңгейі;
- оқушылардың зерттеушілік әрекеті.

5. Психологиялық жағдай:

- оқушылар мен мұғалімдердің психологиялық жайлылық/ыңғайсыздық дәрежесі;
- ұжымның мәселелерді шешуге психологиялық дайындығы.

6. Білім беру қызметкерлерін қажетті шарттармен қамтамасыз ету:

- еңбекті қорғау;
- санитарлық-гигиеналық жағдайлар;
- оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- оқу-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету.

Бақылау түрлері (бақылауды жүзеге асыратын субъектіге қатысты):

- Ұжымдық бақылау (басқарудың барлық деңгейлері қатысады: әкімшілік, педагогикалық ұжым, оқушылар, анық өкілеттіктері бар ата-аналар делегациясы).
- Өзара бақылау (тәлімгерлік, әріптестер сабаққа өзара қатысу арқылы жүзеге асырылады).
- Өзін-өзі бақылау (өзін-өзі есеп беру арқылы жүзеге асырылады).
- Әкімшілік жоспарлы бақылау (мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес әкімшілік мүшесімен жүзеге асырылады).
- Әкімшілік жоспардан тыс бақылау (әкімшілік мүшесімен күтпеген жағдайларда жүзеге асырылады).
- Мектепшілік бақылау формалары (басқару объектілерінің шеңбері бойынша жіктеледі):

✓ Сыныптағы жалпылаушы бақылау (бір топтағы мұғалімдердің бір ұжымдағы оқушыларға педагогикалық әсерін бақылауға және салыстыру әдісін қолдана отырып, осы әсердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жылына 4 рет қолданылады, бір немесе бірнеше күнге созылады. Әкімшілік мүшелері бір сыныптағы барлық сабақтарда ақаулықтардың себептерін анықтау үшін қатысады). Жалпы бақылауда оқушылардың білім мен тәрбие деңгейі; мұғалімнің сапасы мен оқыту әдістері; сынып жетекшісі жұмысының сапасы болуы мүмкін.

✓ Фронтальды бақылау (бір оқытушының немесе бүкіл әдістемелік бөлімнің жұмысын толық бақылауға мүмкіндік береді. 10-20 күнге созылады. Оқуға және тәжірибе таратуға көмектеседі). Фронтальды бақылауға мыналар жатқызылуы мүмкін: пәндерді оқыту жағдайы, сынып жетекшілерінің параллельді сыныптардағы жұмыс деңгейі.

✓ Тақырыптық бақылау (оқыту деңгейін және оқушылардың нақты тақырыптарды меңгеруін және сабақ процесіндегі тапсырмаларын орындауын зерттеуге бағытталған, сонымен қатар әр мұғалімнің практикалық іс-әрекетінде қазіргі заманғы сабақтың негізгі компоненттерін, ұтымды әдістер мен формаларда қолдана алуын тексеру). Тақырыптық бақылау кез келген оқу тақырыбы бойынша оқушылардың білім деңгейін немесе сынып жетекшісінің бір бағыттағы жұмысын зерттеуге бағытталуы мүмкін;

✓ Жеке бақылау (жеке мұғалімнің қызметін бағалау. Мұғалімнің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында оның жұмысында тиімді көмек көрсету үшін қолданылады. Мұғалімді жеке бақылауға алуға оның әдістемелік деңгейінің немесе қызметінің төмен көрсеткіштері себеп бола алады.

✓ Шолу бақылауы (жыл басында мұғалімдердің бүкіл ұжымының немесе оның бір бөлігінің кәсіби деңгейімен жалпы танысу үшін пайдаланылады). Шолу бақылауы мектеп құжаттамасының жай-күйі мен мұғалімдердің еңбек тәртібінің жағдайын зерттеуге бағытталған болуы мүмкін.

Мектепшілік бақылау әдістері:

- Бақылау (кейіннен талдау жүргізілетін сабақтарға, іс-шараларға қатысу арқылы ұйымдастырылады).
- Құжаттаманы тексеру (әртүрлі құжаттама бағаланады: сынып құжаттары, сабақ жоспарлары, т.б.).
- Сауалнама – ауызша/жазбаша (сұхбат, сауалнама ретінде қарастырылады).
- Тестілеу (мұғалімдер мен оқушылар арасындағы жеке айырмашылықтарды өлшеу үшін жүргізіледі).
- Операциялық талдау (жаңа ғана өткізілген іс-шараны, сабақты талдау).

- Ретроспективті талдау (басқа тұлғалардың мектеп қызметін бағалауы) [7].

Мектепшілік бақылау процесін тиімді ететін принциптер:

- жүйелілік (мектепшілік бақылау жоспарының жобасы ағымдағы жыл бойы әзірленеді, бақылау тақырыптары өткен тексерулер және олар бойынша қабылданған шешімдер (қорытындылар) негізінде белгіленеді. Мектепшілік бақылаудың жүйелік сипаты жайлы психологиялық жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Білім беру мекемесінің барлық объектілерін дамыту жағдайлары);

- негізділік (нақты идея, нені, қашан және қандай мақсатта бақылау керектігін түсіну);

- толықтық (мектептің өмірлік жүйесінің барлық құрамдас бөліктерін, салаларын қамту, сондай-ақ олардың мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі өзара әрекеттесуінің тиімділігі);

- бақылаушының құзыреттілігі (алдағы тексеруге дайындалып жатқан адамдардың құзыреттілігінің жеткілікті деңгейі);

- ашықтық (бұл МІБ-дың маңызды қағидаттарының бірі. МІБ-дың әрбір тікелей қатысушысы өзінің болашақ дамуын одан әрі жоспарлау үшін өзінің қандай «деңгейде» тұрғанын білуі керек);

- сабақтастық (мұғалім жұмысының нәтижелерін бақылау кезінде бұл принцип маңызды, әсіресе бұл оның кәсіби құзыреттілігін дамыту процесін үздіксіз етеді);

- жүйелілік – жүйелі бақылау; мектепте педагогикалық процестің бүкіл барысын басқаруға мүмкіндік беретін бақылау жүйесін құру;

- объективтілік – әзірленген және келісілген критерийлер негізінде мемлекеттік стандарттар мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес педагог немесе педагогикалық ұжым қызметін тексеру;

- тиімділік – қабылданған шешім (қорытынды) орындалатын, нақты, оң өзгерістерге, өсуге бағытталған болуы керек).

Осылайша, кез келген педагогикалық жүйеде оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруда мектепшілік бақылау үлкен рөл атқарады. Бақылауға келетін болсақ, ол ұсақ-түйек мәселе ретінде қарастырылмауы керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ғылыми конференция мақалалары, ғылыми монографиялар пайдаланылды. Олардың ішінде М.П.Портнов, П.И. Третьяков, Ю.А.Конаржевский, Т.И. Шамова, Л.Т. Исакова, Р. Есімханова, Р. Дауылбаева сынды ғалымдардың іргелі еңбектері қарастырылды.

Қойылған мәселелерді шешу және бастапқы ұсыныстарды тексеру үшін зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бір-бірін өзара дәлелдейтін және толықтыратын әдістер кешені пайдаланылды:

- теориялық талдау (тарихнамалық, салыстырмалы, ретроспективті, модельдеу) әдісі;
- диагностикалық (сараптамалық бағалау, тәуелсіз сипаттамаларды жалпылау) әдісі;
- бақылау (тікелей, жанама, қатысушы бақылау) әдісі;
- озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу әдісі;
- жүйелеу және жалпылау әдістері;
- ретроспективті және перспективалық жоспарлардағы анықталған тенденцияларды бағалау әдісі;
- контекстік-түсіндірмелі әдіс;
- салыстырмалы әдіс;
- концептуалды талдау әдісі.

Зерттеу әдістері негізінде статистикалық әдіс, оның ішінде сандардағы сандық өзгерістердің сапалық бағасын салыстырудан тұрады. Статистикалық нәтижелерді график

түрінде, яғни иллюстрацияларды, кестелерді, диаграммаларды пайдалану арқылы ұсынылады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес дайындалады. Білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылауды педагогикалық кеңес бекітетін Мектепшілік бақылау туралы ережеге сәйкес жоспарлы немесе жедел тексерулер, мониторинг, әкімшілік жұмыстар жүргізу түрінде жүзеге асыру ұсынылады.

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру – бұл басқару міндеттерін орындау үшін бірге жұмыс істейтін компоненттер жиынтығы болып табылады. Мектепшілік басқару келесі негізгі функцияларды қамтиды: жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, ынталандыру, бақылау және талдау.

Мектеп әкімшілігі жыл сайын мектепшілік бақылау жоспарын әзірлейді. Бұл жоспар ұйымның мақсаттарын және осы мақсаттарға жету үшін қажетті әрекеттерді анықтайды. Мектепшілік бақылау жоспарын іске асыру үшін іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру қажет. Жоспарланған нәтижелерді нақты нәтижелермен салыстырған кезде қорытындылау бақылау деп аталады. Оқу-тәрбие процесін ұтымды жоспарлау және ұйымдастыру үшін қажетті талдау мектепшілік бақылауды іске асырудың соңғы кезеңі болып табылады.

Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие процесіне, педагогикалық кадрларға және оқу-материалдық базаға бағытталғаны зерттелген және ол 1-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Мектепшілік бақылау процесі

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Бақылау мазмұнына сүйене отырып, мектепшілік бақылаудың келесі объектілерін ажыратуға болады (1-кесте).

Кесте 1 – Мектепшілік бақылау объектілері және олардың сипаттамасы

Атауы	Сипаттамасы
Оқу процесі	- оқу бағдарламаларын орындау; - білім деңгейі және білім алушылар; - мұғалімнің өнімділігі; - дарынды балалармен жеке жұмыс; - сапалы сабақтан тыс пәндік қызмет; - оқушылардың өзін-өзі тану әдістерінің дағдылары.
Тәрбие процесі	- оқушылардың тәрбие деңгейі; - оқушылардың қоғамдық белсенділік деңгейі; - сынып жетекшілерінің жұмыс сапасы;

	- ата-аналардың тәрбие процесіне қатысуы; - жалпы мектептегі дәстүрлі іс-шаралардың сапасы; - оқушылардың денсаулығы мен дене шынықтыру деңгейі; педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балалармен профилактикалық жұмыстың сапасы.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету	- санитарлық-гигиеналық жағдайы; оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету; - оқу-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету.
Әдістемелік жұмыс	- әр мұғалімнің ғылыми-әдістемелік деңгейі; - әр сынып жетекшісінің әдістемелік деңгейі; - педагогикалық тәжірибені тарату механизмі; - педагогтердің біліктілігін арттыру.
Ескерту: Авторлар өзінің зерттеуі негізінде құрастырған	

Оқу-тәрбие процесінде мектепшілік бақылау әдетте жалпы оқытудың орындалуына, оқу пәндерін оқытудың жай-күйіне, оқушылардың білімі мен дағдыларының деңгейіне, сыныптан тыс тәрбие жұмысына, мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жүзеге асырылады.

Әкімшілік кеңесте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бақылауды келесі алгоритмдерді қолдана отырып, белгілі бір ретпен жұмысын жүргізеді, яғни: бақылаудың мақсаты мен міндеттері; бақылау объектісі; бақылау жоспарын әзірлеу; ақпарат жинау; алынған ақпаратты бастапқы талдау және ұсынымдардың орындалуын дайындау және тексеру.

Директорлар орынбасарларының, әкімшілік планерлердегі гимназия басшыларының есептері, директор жанындағы кеңестер мектепшілік бақылау жоспары бойынша іс-шараны талдауды, тексеру барысында туындаған мәселелерді шешу туралы қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды. Оқу жылының соңында әдістемелік жұмысты бағалау жүргізіледі, онда барлық ескертулер мен тілектер қаралады. Жаңа оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары жоспары әдетте тексеру кезінде туындаған мәселелерді көрсетеді. Осылайша, мектепшілік басқару педагогикалық ұжымдағы іс-қимылдардың бірлігін қамтамасыз етуді және білім беру процесінің барысы туралы қажетті деректерді беруді көздейді.

Зерттеу жүргізу барысында келесі мәселелер анықталды:

- мұғалімдер бақылауды тек әкімшілік тарапынан көреді, өзара бақылау мен өзін-өзі бақылау жоқ;
- ата-аналар білім беру ұйымын бақылауға мүлдем қатыспайды;
- білім беру қызметінің барлық қатысушылары кіретін білім беру ұйымының ішкі бақылау моделін құру қажеттілігі байқалды.

Адамдардың жұмысын бақылау өте нәзік мәселе. Бақылау арқылы жұмысшылардың бастамасын арттыруға болады, бірақ екінші жағынан оны әлсіретуге де болады. Шебер, тиімді бақылау – тұтас ғылым. Мектепшілік бақылау әдістерін, формалары мен принциптерін тиімді анықтау тек бұрын қабылданған және жүргізіліп жатқан әрекеттердің әсер ету дәрежесін нақтылау негізінде, психологиялық-педагогикалық теория мен практиканың жетістіктерін енгізу негізінде мүмкін болады. Өз кезегінде бұл нәтижелер бақылау кезеңдері мен оның қорытындысына да оң әсерін тигізеді. Осы тұста бақылау кезеңдерін атап өтейік.

Бақылау кезеңдері:

I. Дайындық кезеңі:

- мақсатты анықтау;
- бақылауды жоспарлау;

- бақылау түрі мен формаларын таңдау;
- стандарттарды анықтау;
- тексеру тобын құру;
- тексерушілерге нұсқау беру.

II. Диагностикалық кезең:

- сабақтарға қатысу;
- бақылау жұмыстарын алу;
- құжаттамамен жұмыс;
- оқушылар сауалнамалары.

III. Ақпаратты талдау, мұғалімдермен әңгімелесу.

IV. Қорытынды кезең:

- қорытындылар шығару;
- ұсыныстарды дайындау;
- қорытындыларды рәсімдеу;
- қорытындыларды талқылау (педкеңесте, т.б.)
- әдістемелік көмек көрсету.

Бақылаудың сапалы жүруіне оның шарттары да әсер етеді. Ол шарттарға мектептегі жұмыстың жағдайы туралы дер кезінде және нақты ақпарат беру; бақылаудың нәтижелілігі, мұғалімдерге қажеттілігі бойынша дер кезінде көмек көрсету, озат тәжірибені тарату; тексерушілердің жоғары мәдениеттілігі, олардың құзыреттілігі; күйзеліс жағдайлардың алдын алу, жақсы бастамаларды қолдау сынды шарттарды жатқызамыз.

Бақылау нәтижелері қаралатын орындар:

- директор немесе оның орынбасарлары жанындағы кеңестерде;
- әкімшілік кеңестерінде;
- ӘБ отырыстарында;
- педагогикалық кеңестерде.

Бақылау нәтижелерін қорытындылау тәсілдері:

- анықтама;
- есеп;
- графикалық есеп;
- әңгімелесу, т.б. [8].

Мектепшілік бақылау бақыланушылардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстарды тұжырымдаумен, ал қажет болған жағдайда оларға көмек көрсету туралы ұсыныстармен аяқталуы керек. Ал, табылған оңды жетістіктер де бүкіл оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында озық тәжірибені, озық жұмыс үлгілерін тарату арқылы ұжымның, жұртшылықтың игілігіне айналуы тиіс.

Бақылаудың тиімділігі ең алдымен мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысының сапасын және оқушылардың білім, білік, дағдыларының сапасын арттыру болып табылады. Мектепшілік бақылау өз алдына мақсат емес, ол оқу-тәрбие процесінің мәні, іс-әрекет жағдайы, оның нәтижелері белгілі бір жекелеген сыныптардағы, белгілі бір мұғалімдермен алға қойылған педагогикалық қажеттілік.

Қорытынды

Бүгінгі таңда білім беру мекемесін басқару жүйесіндегі мектепшілік бақылау өзекті мәселе болып табылады. Қорытындылай келе, мектепшілік бақылаудың табысты болуына ықпал ететін жағдайларды атап өткім келеді:

✓ оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының өз қызметінің нәтижелеріне белсенділігін, жауапкершілігін және дербестігін арттыру үшін мұғалімдермен жұмыс істеу жүйесі;

✓ педагогикалық менеджменттің жетістіктеріне сүйену, технологиялық тиімділік, интерактивті әдістемелерді, ақпараттық технологияларды қолдану, озық тәжірибені тарату мүмкіндігі;

✓ объективті, құрметті, сенімді деңгейде бақылауды қамтамасыз ету; - жағымды мінездің басымдылығы, табысы;

✓ бақылауды қамтамасыз ету үшін деректер банкі қалыптастыру және міндетті түрде болуы: бақылау бағдарламалары, ақпаратты жинау және өңдеу технологиялары, бақылау нәтижелерін бағалау параметрлері және т.б.;

✓ кәсіптік бірлестіктердің кеңінен қатысуы, кейбір бақылау функцияларын беру, мемлекеттік-қоғамдық сипат, мұғалімдердің өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау бойынша жұмысы, сыртқы сарапшыларды тарту, ашықтық және т.б.

Мектепшілік бақылауды жетілдірудің негізгі, принципті маңызды мәні табыс немесе сәтсіздік себептеріне терең талдау жасау болып табылады. Білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылауды білім беру үдерісінің маңызды бөлігі ретінде қарастыра отырып, оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізу және оқыту мен тәрбиелеу процесіне белсенді араласу үшін әрбір мектеп мұғалімінің сабақтарды, факультативтерді, факультативтік курстарды өткізудегі барлық күшті және әлсіз жақтарын терең білу қажет. Осылайша, мектепшілік бақылаудың білім беру саласындағы маңызы орасан үлкен деуге толық негіз бар деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының Жалпы орта білім беретін ұйымдарында Оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. Астана. – 2023. – [Электрондық ресурс] — URL: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/2> (қаралу уақыты 16.10.2023).
- 2 Портнов М.П. Азбука школьного управления. –1981. – 191 с.
- 3 Третьяков П.И. Управление школой по результатам: Практика педагогического менеджмента. – 1997. – 288 с.
- 4 Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление. – 2000. – 222 с.
- 5 Шамова Т.И., Третьяков П.И., Капустин Н.П. Управление образовательными системами. Учебное пособие. – 2002. – 25 с.
- 6 Пидкасистый П.И. Педагогика. Учебное пособие для студентов пед. вузов и пед.колледжей. – 1995. – 332 с.
- 7 Курачицки А. Менеджмент в начальном образовании. Учебное пособие. – 2020. – 108 с.
- 8 Искакова Л.Т., Есімханова Р., Дауылбаева Р. Мектепшілік бақылау: түрлері, формалары, жоспарлары. Әдістемелік құрал. – 2014. – 53 б. [Электрондық ресурс] — URL: <https://agartu.kz/news/? pkid=1526717847597382> (қаралу уақыты 16.10.2023).

ВНУТРИШКОЛЬНЫЙ КОНТРОЛЬ КАК ЧАСТЬ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ УЧРЕЖДЕНИЕМ

Аннотация

В данной статье дается объяснение внутришкольного контроля как части системы управления образовательным учреждением. Педагогическая деятельность любой школы характеризуется осмыслением накопленного опыта работы, поиском новых идей, достижением высокого уровня педагогического мастерства в организации учебной деятельности, возникновением и распространением в педагогической, родительской, управленческой среде нового понимания ценностей образования, когда образование становится приоритетом в жизни подрастающего поколения. В каждой школе одним из реальных рычагов такого развития является аппарат внутришкольного контроля. Внутришкольное наблюдение должно быть мотивированным и стимулирующим, основанным на знании возможностей и интересов всех участников учебного процесса. С одной стороны, его результатом является качественное улучшение отношений внутри определенной группы и между ними, с другой стороны, оно способствует степени профессионального роста и достижений преподавателей и учащихся.

Цель статьи – всестороннее рассмотрение внутришкольного контроля как части системы управления образовательным учреждением. В ходе анализа использовались такие научные методы, как контекстно-объяснительный, сравнительный, концептуальный анализ, описание, включающее наблюдение, сравнение и обобщение. На основе проведенного исследования авторы раскрыли значение понятия «внутришкольный контроль» в сфере образования, выявили типичные характеристики внутришкольного контроля в современной отечественной и зарубежной парадигме научного образования, рассмотрели важные особенности внутришкольного контроля в педагогическом аспекте, сформулировали цели и формы внутришкольного контроля как системы управления образовательным учреждением, а также методы, принципы и этапы.

Ключевые слова: внутришкольный контроль, формы, виды, методы, принципы внутришкольного контроля.

INTRA-SCHOOL CONTROL - AS PART OF THE MANAGEMENT SYSTEM OF AN EDUCATIONAL INSTITUTION

Abstract

This article explains intra-school control as part of the management system of an educational institution. The pedagogical activity of any school is characterized by comprehension of the accumulated work experience, the search for new ideas, the achievement of a high level of pedagogical excellence in the organization of educational activities, the emergence and dissemination of the pedagogical, parental, and managerial environment. and a new understanding of the values of education, when education becomes a priority in the lives of the younger generation. And in every school, one of the real levers for such development is the apparatus of intra-school control. In-school observation should be motivated and stimulating, based on knowledge of the capabilities and interests of all participants in the educational process. On the one hand, its result is a qualitative improvement in relations within a certain group and between them, on the other hand, it contributes to the degree of professional growth and achievements of teachers and students.

The purpose of the article is a comprehensive review of intra-school control as part of the educational institution's management system. During the analysis, such scientific methods as contextual explanatory, comparative, conceptual analysis, description, including observation, comparison and generalization were used. Based on the research, the author revealed the meaning of the concept of intra-school control in the field of education, identified the typical characteristics of “in-school control” in the modern domestic and foreign paradigm of scientific education, considered the important features of intra-school control in the pedagogical aspect, formulated the goals and forms of intra-school control as a management system of an educational institution, as well as methods, principles and steps.

Keywords: Intra-school control, forms, types, forms, methods, principles of intra-school control.

REFERENCES

- 1 2023-2024 oqu jylynda Qazaqstan Respublikasynyń Jalpy orta bilim beretin üiymdarynda Oqu prosesin üiymdastyрудыń erekselikteri turaly. Ädistemelik nұsqaу hat. *[About the peculiarities of the organization of the educational process in organizations of general secondary education. Methodical instruction]*. Astana – 2023. Available at: — URL: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/2> (accessed:16.10.2023) [in Kazakh].
- 2 Portnov M.P. Azbuka shkolnogo upravleniya *[The ABC of school management]*. 1981. 191 p. [in Russian]
- 3 Tretyakov P.I. Upravlenie shkoloy po rezul'tatam: Praktika pedagogicheskogo menedzhmenta *[School management by results: The practice of pedagogical management]*. 1997. 288 p. [in Russian]
- 4 Konarzhievskii YU.A. Menedzhment i vnutrichkol'noe upravlenie *[Management and intra-school management]*. 2000. 222 p. [in Russian]
- 5 Shamova T.I., Tretyakov P.I., Kapustin N.P. Upravlenie obrazovatel'nymi sistemami: Uchebnoe posobie. *[Management of educational systems]*. 2002. 25 p. [in Russian]
- 6 Pidkastyj P.I. Pedagogika. Uchebnoe posobie dlya studentov ped. vuzov i ped. kolledzhej. *[Pedagogy]*. 1995. 332 p. [in Russian]
- 7 Kurachicki A. Menedzhment v nachal'nom obrazovanii. Uchebnoe posobie. *[Management in primary education]*. 2020. 108 p. [in Russian]
- 8 İskakova L.T., Esimhanova R., Dauylbaeva R. - Mektepsilik baqylau: türleri, formalary, josparlary. Ädistemelik qūral. *[Intra-school control: types, forms, plans]*. 2014. 53 p. Available at: — URL: <https://agartu.kz/news/?pkid=1526717847597382> [in Kazakh]. (accessed:16.10.2023)

Information about authors:

Zulfiya Madeniyetova - **corresponding author**, master student in the second year of the speciality Management in education, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: zulfiya3131@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0067-5024>

Aigul Uteshkalieva – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the department of “Preschool and primary education”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: aigul-bekbol@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7571-6279>

Информация об авторах:

Зульфия Мадениетова – **основной автор**, магистрант II курса специальности «Менеджмент в образовании», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: zulfiya3131@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0067-5024>

Айгуль Утешкалиева – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры «Дошкольного и начального образования», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: aigul-bekbol@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7571-6279>

Авторлар туралы ақпарат:

Зульфия Мәдениетова - **негізгі автор**, Білім берудегі менеджмент мамандығының II курс магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zulfiya3131@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0067-5024>

Айгуль Утешкалиева – Инновациялық білім беру факультеті, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aigul-bekbol@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7571-6279>